

**Шығыс Қазақстан облысы Глубокое, Жарма, Катонқарағай, Күршім, Зырян аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 192 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы N 15/205-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде 2009 жылғы 12 қарашада N 2517 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3, 8 және 11-баптарына сәйкес, Глубокое ауданы мәслихатының 2007 жылғы 23 қазандағы № 2/5–IV және әкімдігінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 473 бірлескен шешімі мен қаулысының, Жарма ауданы мәслихатының 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 5/8-IV және әкімдігінің 2008 жылғы 31 наурыздағы № 98 бірлескен шешімі мен қаулысының, мәслихатының 2008 жылғы 12 ақпандағы № 4/4-IV және әкімдігінің 2008 жылғы 04 ақпандағы № 41 бірлескен шешімі мен қаулысының, Катонқарағай ауданы мәслихатының 2007 жылғы 22 желтоқсандағы № 3/36-IV және әкімдігінің 2007 жылғы 20 желтоқсандағы № 3087 бірлескен шешімі мен қаулысының, Күршім ауданы мәслихатының 2008 жылғы 14 мамырдағы № 6-2 және әкімдігінің 2008 жылғы 04 мамырдағы № 717 бірлескен шешімі мен қаулысының, Зырян ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 шілдедегі № 21/11-IV және әкімдігінің 2009 жылғы 22 шілдедегі № 146 бірлескен шешімі мен қаулысының негізінде, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шығыс Қазақстан облысы Глубокое, Жарма, Катонқарағай, Күршім, Зырян аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) мынадай елді мекендер өзге қоныстар категориясына жатқызылсын және есепті деректерден шығарылсын:

Глубокое ауданының Малоубинка ауылдық округінің Маховка ауылы, Черемшанка ауылдық округінің Орловка ауылы және Киров ауылдық округінің Краснопартизан ауылы;

Жарма ауданының Шар қаласының 7 және Қызыл Шар разъездері, Қапанбұлақ ауылдық округінің 14 және 12 разъездері, Жаңғызтөбе кентінің 9 разъезі және Жарма кентінің 16 разъезі;

Зырян ауданының Малеевка ауылдық округінің Ново-Калиновск ауылы;

2) енгізілсін:

Глубокое ауданының Маховка қонысы Малоубинка ауылдық округінің Малоубинка ауылының құрамына, Орловка қонысы Черемшанка ауылдық округінің Черемшанка ауылының құрамына, Краснопартизан қонысы Киров ауылдық округінің Прапорщиново ауылының құрамына;

Жарма ауданының 7 және Қызыл Шар қоныстары Шар қаласының құрамына, 14 және 12 қоныстары Қапанбұлақ ауылдық округінің Қапанбұлақ ауылының құрамына, 9 қонысы Жаңғызтөбе кентінің құрамына және 16 қонысы Жарма кентінің құрамына;

Зырян ауданының Ново-Калиновск қонысы Малеевка ауылдық округінің Малеевка ауылының құрамына;

3) мынадай әкімшілік–аумақтық бірліктер қайта аталсын:

Катонқарағай ауданы бойынша:

Большенарым ауылдық округінің Большенарымское ауылы Үлкен Нарын ауылына;

Большенарым ауылдық округі Үлкен Нарын ауылдық округіне;

Белое ауылдық округіндегі Белое ауылы Ақсу ауылына, Язовая ауылы Жазаба ауылына, Фыкалка ауылы Бекалка ауылына, Чаловка ауылы Талды ауылына, Верх-Катунь ауылы Ақшарбақ ауылына;

Белое ауылдық округі Ақсу ауылдық округіне;

Чернова ауылдық округінің Черновая ауылы Аққайнар ауылына;

Чернова ауылдық округі Аққайнар ауылдық округіне;

Жарма ауданы бойынша:

Георгиевка ауылдық округі Қалбатау ауылдық округіне;

Күршім ауданы бойынша:

Құйған ауылдық округінің Славянка ауылы Қайыңды ауылына;

Сарыөлең ауылдық округіндегі Дарственное ауылы Барақ батыр ауылына, Вознесенка ауылы Бірлік ауылына.

2. Осы шешім мен қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С е с с и я төрағасы	Е. Нұрбаев	О б л ы с әкімі Б. Сапарбаев
Облыстық хатшысы В. Ахасев	м ә с л и х а т	